



Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

1971 жылы 21 қазанда туған.

Білімі: Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің экономика факультетін бітірген.

2007 жылы Атырау мұнай және газ институтын «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша тәмамдады. 2021 жылы Executive MBA (ENI, Милан қ., Италия Geneva Business School) дәрежесіне ие болды.

Жұмыс тәжірибесі:

Еңбек жолын 1993 жылы «Теңіз» АҚ (Атырау облысы) бас бухгалтерінің орынбасары қызметінен бастады.

Атырау телекоммуникациялар дирекциясының, «Қазақтелеком» ААҚ Құрманғазы телекоммуникациялар аудандық торабының бас бухгалтері болып жұмыс істеді.

1998-2000 жылдар аралығында - «Қазақойл-Ембі» ААҚ, «Ембімұнайгаз» ААҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті директорының орынбасары - бас бухгалтердің орынбасары.

2000-2002 жылдар аралығында - «EuroAsia Group» АҚ, «Каспий Нефть-TME» АҚ бас бухгалтері.

2002–2006 жылдары - «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ бас бухгалтерінің бірінші орынбасары, қаржы департаментінің директоры, «Ембімұнайгаз» ӨФ директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

2006-2009 жылдары «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары лауазымында жұмыс істеді. 2010 – 2012 жылдары - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бірлескен кәсіпорындарды басқару жөніндегі басқарушы директор, қоса атқарушылық бойынша - «ТКЖҰҚБ» ЖШС.

2012-2016 жылдары «Қаражанбасмұнай» АҚ президентінің лауазымын атқарды.

2016-2017 жылдар аралығында - «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.

2017 – 2018 жылдары - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі басқару директор, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директоры.

2018-2021 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та: адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор, мұнай және газ өндіру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

2021 – 2023 жылдары – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры.

2023 жылғы ақпаннан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.